

IRSTI 03.29.00

<https://doi.org/10.26577/JH.2022.v105.i2.010>**Б.С. Сайлан** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: b_sailan1967@mail.ru

БАБРАК КАРМАЛЬ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ АУҒАНСТАН (1979-1986 жж.)

Мақалада Б.Кармальдың шыққан тегі, студенттік шағында маркстік саяси қызмет пен революциялық істерге белсенді араласуы, сол үшін бірнеше рет сотталып түрмеде отыруы, серіктестерімен коммунистік саяси партия құру ісін қолға алуы айтылады. Саяси істерге белсене араласқан Б.Кармальдың 1965 жылы Ауғанстанның халықтық-демократиялық партиясы (АХДП) құруға белсенді атсалысқаны, 1967 жылы одан бөлініп «Парчам» фракциясына төрағалық еткені айқындалады. 1978 жылы мемлекет басшысы Н.Тараки тарапынан болған қысымның салдарынан елден аластатылып Чехословакияға елші болып кетуі, оның Прагада тыныш жатпай КСРО елшілігі арқылы Мәскеумен ымыраға келуі қарастырылады. 1979 жылы күзде Ауғанстан басшылығына Хафизулла Аминнің келген тұсынан бастап, Б.Кармальдың КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бақылауына алынып, билік үшін дайындық жұмыстарының жүргізілгендігі көрсетіледі. 1979 жылы 27 желтоқсанда КСРО басшылығының тікелей қолдауымен Ауғанстан демократиялық республикасының билігіне келуі, өзінің билік құрған жеті жыл ішінде жүргізген реформаларының нәтижесіздігі, кеңес әскерлерінің оның билігі тұсында елден шыға алмай көп қырғынға ұшырауы сипатталады. Ақыры Ауғанстандағы бейберекетсіздік және соғыстың сағыздай созылуы салдарынан биліктен кетуі мен өмірінің соңғы жылдары баяндалады.

Түйін сөздер: Ауғанстан, Бабрак Кармаль, КСРО, Кабул, Мәскеу, Чехословакия, билік, партия, парчам, соғыс, түрме, армия.

B.S. Sailan

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: b_sailan1967@mail.ru

Afghanistan during the reign of Babrak Karmal (1979-1986)

The article tells about the B. Karmal' origin, his active participation in Marxist political activity and revolutionary activity in his student years, for which he was repeatedly convicted and imprisoned, and with his associates began to form a communist political party. It is known that B. Karmal, who was actively engaged in political activities, took an active part in the formation of the People's Democratic Party of Afghanistan (PDPA) in 1965, and in 1967 he separated from it and headed the Parcham fraction. In 1978, under pressure from President Taraki, he was expelled from the country and became ambassador to Czechoslovakia, where he compromised with Moscow through the USSR embassy in Prague. Since the arrival of Hafizullah Amin in the fall of 1979 to the leadership of Afghanistan, B. Karmal was taken over of the USSR State Security Committee and preparatory work was carried out to gain power. December 27, 1979, with the direct support of the leadership of the USSR, is characterized by his coming to power of the Democratic Republic of Afghanistan, the ineffectiveness of the reforms he has carried out over the seven years of his reign, and the massacres of Soviet troops under his rule. Also, his departure from power due to chaos and the protracted war in Afghanistan and the last years of his life are described.

Key words: Afghanistan, Babrak Karmal, USSR, Kabul, Moscow, Czechoslovakia, power, party, parcham, war, prison, army.

Б.С. Сайлан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: b_sailan1967@mail.ru

Афганистан во время правления Бабрака Кармаля (1979-1986 гг.)

В статье рассказывается о происхождении Б. Кармаля, его активном участии в марксистской политической деятельности и революционных делах в студенческие годы, неоднократно осуждении за это и создании коммунистической политической партии со своими соратниками. В 1965 году Б. Кармаль принял активное участие в создании Народно-

Демократической партии Афганистана (НДПА), в 1967 году отделился от нее и председательствовал во фракции «Парчам». В 1978 году из-за давления со стороны главы государства Н. Тараки был изгнан из страны и назначен послом в Чехословакию, и его компромисс с Москвой через посольство СССР без спокойного пребывания в Праге. С момента прибытия Хафизуллы Амина осенью 1979 года к руководству Афганистана Б. Кармаль был взят под контроль Комитета Государственной Безопасности СССР и проводятся подготовительные работы для власти. 27 декабря 1979 года, при непосредственной поддержке руководства СССР, характеризуется его прибытие у власти Демократической Республики Афганистан, безрезультатностью проводимых им за семь лет своего правления реформ, массовыми убийствами советских войск при его правлении. Описывается его уход от власти из-за хаоса и затянувшейся войны в Афганистане и последние годы его жизни.

Ключевые слова: Афганистан, Бабрак Кармаль, СССР, Кабул, Москва, Чехословакия, власть, партия, парчам, война, тюрьма, армия.

Кіріспе

1979 жылы 25 желтоқсанда Ауғанстан территориясына кірген кеңес әскері 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс жүргізді. Бұл 10 жылға созылған қырғын тарихта «Ауған соғысы» деген атпен қалды. Кеңес әскері Ауғанстанда әсіресе Бабрак Кармаль билігі тұсында ұзақ соғысты.

Бабрак Кармаль – Ауған елінің мемлекеттік, саяси және партия қайраткері. Ауғанстан халықтық демократиялық партиясының (АХДП) негізін қалаушылардың бірі, «Парчам» (Ту) фракциясының көшбасшысы. 1979-1986 жылдары Кеңес әскерінің Ауғанстанға кіру кезінен бастап – АХДП Орталық Комитетінің Бас хатшысы, АДР Революциялық кеңесінің (мемлекет басшысы) төрағасы. Оның жеті жылдық билік құрған кезеңі кеңес әскерлері мен ауғандық оппозиция арасындағы соғыстың өршуімен мәлім болды. Екі жақтың да адам құрбандықтарының орасан зор шығыны осы Бабрак Кармаль билігі тұсында жүзеге асты. КСРО басшылығына М.Горбачев келгеннен кейін 1986 жылы биліктен аластатылды. Ауғанстан мемлекеті басшылығынан кеткен соң Мәскеу қаласында тұрды.

Материалдар мен әдістер

Жазылып отырған мақаланың деректік негізін осы тақырып пен кезеңге сай мұрағат базасындағы қорлар, Ауған соғысы туралы арнайы ашылған сайттардағы деректер, Ауғанстанның 1970-1980 жылдардағы тарихына арналып жазылған арнайы еңбектер, сол уақытта тұтанған соғыстың ұзаққа созылуына саяси баға беретін әскери қолбасшылар мен саяси қайраткерлердің еңбектері және естеліктері, сонымен қатар Бабрак Кармаль билігі тұсындағы Ауғанстанның әлеуметтік, экономикалық және

саяси дамуын сараптайтын еңбектердегі деректер құрайды. Оның билігі кезіндегі КСРО мен Ауғанстан арасындағы әскери-саяси байланыстардың мән-жайын зерделеп, кейінгі уақытта шынайы жазылған зерттеулер мен еңбектер қарастырылды. Бабрак Кармалдың билік басына келуі, оның жеті жыл құрған билігі және Ауғанстан жағдайының тығырыққа тірелуіне байланысты биліктен кетуі жан-жақты салыстырмалы талданып, мақаланың мақсатына жету жолында тың тұжырымдар жасалды.



Нәтижелер мен талдаулар

Билікке келуі

Бабрак Кармаль – 1929 жылдың 6 қаңтарында Кабул қаласында әскери генералдың отбасында дүниеге келді. Ауған елінің жоғарғы әскери шенділер ортасында Б.Кармальдың әкесі өте ықпалды адам болды. Анасы парсы тілді Гильзай тайпасынан шыққан пуштун қызы. Б.Кармаль орта мектепте қатардағы оқушы болғанымен, алайда 1951 жылы Кабул университетінің заң факультетінде оқып жүргенде шешенұымдастырушы атағына ие болып, университеттегі студенттер арасында белсенділігімен көзге түсті. Б.Кармаль Кабул университетінде коммунизм идеясымен шұғылданды. Ол студенттік шағында марксистік саяси қызмет пен революциялық істерге белсенді араласқаны үшін 1950 жылдардың басында үш рет сотталды. Төрт жылға жуық түрмеде отырды. 1956 жылы Мұхаммед Даудтың (үкімет төрағасы) рақымшылық заңына байланысты түрмеден босап шықты. 1957-1960 жылдары ол ағылшын және неміс тілдерінің аудармашысы ретінде жұмыс жасады. 1960 жылдары ол алдымен Білім министрлігінде аудармашы, сосын Жоспарлау министрлігінде қызмет істеді (Babrak Karmal president of Afghanistan, 2007).

Ол түрмеден кейінгі қызмет істеп жүрген кезінде де маркстік бағыттағы жұмыстарын тоқтатпай, серіктестерімен коммунистік саяси партия құру ісін қолға алды. Нәтижесінде 1965 жылы Ауғанстанның халықтық-демократиялық партиясы (АХДП) құрылды. Нұр Мұхаммед Тараки партияның төрағасы, ал Бабрак Кармаль орынбасары болып сайланды. Көп ұзамай басшылық арасында жік туындап, бірінші мен екінші арасында келіспеушіліктер көбейіп, екі топқа ажырауға тура келді. Б.Кармаль өзіне екінші рөлдің тигеніне көңілі толмады. Қысқаша айтқанда екі қошқардың басы бір қазанға сыймады. 1966 жылы күзде Б.Кармаль өзінің жақтастарымен бірге Орталық Комитет құрамынан шықты. 1967 жылы АХДП екі топқа: «Халық» және «Парчам» болып бөлінді. Б.Кармаль «Парчам» фракциясына төрағалық етті. «Парчам» сөзі «Ту» деген мағынаны білдірді (Коргун, 2004: 348).

1965-1973 жылдары парламент депутаты болды. Бұл кезеңде Б.Кармаль басшылығындағы парчамшылар елдегі билік үшін күресін жалғастырды. Олар М.Даудты жақтаушылармен одақтасты. Нәтижесінде 1973 жылы 17 шілдеде генерал Мұхаммед Дауд офицер-коммунистерді

шебер пайдалана отырып, «Парчамның» жетекші қайраткерлерінің көмегімен іс жүзінде қан шашылмаған төңкеріс жасап, король Захир шахты биліктен шеттетті, монархияны таратып, өзін республиканың президенті деп жариялады (Stephen Tanner, 2004: 227).

Ауғанстанның бірінші тағын тақымына басқан республика президенті М.Дауд қызметке кіріскеннен кейін АХДП-ның көшбасшыларымен санасатынына сендірді. Алайда М.Даудқа ауған қоғамын қайта құру туралы парчамшылардың ұсынған жолы мен көзқарастары жат еді, сондықтан мұндай жолбикелерден тезірек құтылуға асықты. Ол 1976 жылы өзінің маңайындағы кеңесшілерін парчамшылардан түгел тазартты. Оған төңкеріс жасауға көмектескен офицерлер далада қалды. М.Дауд елде репрессия тәртібін күшейтті. 1977 жылы желтоқсанда М.Дауд үкіметі АХДП басшыларын, мүшелері мен жақтаушыларын қамауға ала бастады. Б.Кармальда осы тізімнің қатарында қамауға алынды. Бұл жағдай кейінірек М.Даудтың өз басына таяқ болып тиді (Сайлан, 2001: 32).

1978 жылы сәуірде АХДП басшылары Н.М.Тараки мен Б.Кармаль тұтқындалды. 27-28 сәуірде АХДП басшыларының бастамасымен коммунист офицерлердің жасаған төңкерісі М.Дауд режимін құлатып, оларды қамаудан босатты. Сәуір төңкерісі нәтижесінде коммунистік бағыттағы АХДП жеңіске жетті. 1978 жылдың 30 сәуірінде АХДП өздерінің бірінші мәжілісінде ОК Бас хатшысы қызметіне Н.М.Таракиді сайлады және ол үкімет басшысы (Премьер министр) болып та есептелді, ал Бабрак Кармаль – Революциялық кеңес төрағасының және Ауғанстан үкіметі басшысының орынбасарлығына сайланды. Бұл Бабрак Кармальдың мемлекет бойынша екінші тұлғаға айналуы еді. Ең жоғарғы мемлекеттік өкімет органы деп есептелген Революциялық кеңес, 30 сәуір күні елді Ауғанстан Демократиялық Республикасы (АДР) деп жариялады (Война в Афганистане, 1991: 56).

Ауғанстан мемлекеті билігінің басына келген коммунистік бағыттағы басшылар өзара келісімге келе алмады. 1978 жылы жазда АХДП-дағы алауыздықтың күшейуі, армияның бетімен кетуі, фракциялық күрестің қайта өршуі, қарулы күштердің бөлшектене түсуіне ықпал етті. «Халық» және «Парчам» тобының 1977 жылы маусым конференциясында біріккенімен, партия ішіндегі пікір-таластар барысында қайшылықтар туындады. Екі топ жетекшілері Н.Тараки мен

Б.Кармаль саяси мәселелерді шешуде ымыраға келе алмай, ақыры бір-біріне жауға айналды.

Н.Тараки бастаған АДР басшылығы парчамшыларды елден аластатуды жөн деп тапты. Сөйтіп, «Парчам» тобының жетекшісі Б.Кармаль АДР-дың Чехословакиядағы елшісі етіп жіберілді. Ол кетерде елге міндетті түрде қызыл ту ұстап оралатынында айтты. Онысы кейіннен рас болып та шықты. Оған қоса парчамшылардың басқа да өкілдері елден аластатылды. Ауғанстанның қоғамдық жұмыстар министрі Анахита Ратебзад – Югославияға, Кабул қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Наджибулла – Иранға, Н.Нур – АҚШ-қа, Вакиль – Англияға, Анахита – Белградқа, Бариалай – Пәкістанға елші етіп тағайындалды. Төңкерістен жеті ай өткеннен кейін, 27 қарашада «Парчам» тобының тоғыз адамы партиядан шығарылып, халық жауы деп жарияланды (Babrak Karmal, 2010).

Б.Кармаль елші болып Ауғанстаннан аластатылғанымен Прагада тыныш жатпады. Прагада келісімен КСРО-ның осы елдегі елшісі Мацкевичпен жолығып, кеңестік елшіге алдымен өз шағымдарын баяндады. Сәуір төңкерісінен кейін мемлекет басына «Халық» тобының жетекшісі Н.Таракидің келуі менің және жақтастарымның елден кетуіне алып келді деп ренішін айтумен болды. Ол Мәскеумен байланысқа шыққысы келетінін және тағы да айтары көп екенін жасырмады.

Чехословакиядағы кеңестік елші арқылы Мәскеумен байланыс орната білген Б.Кармаль ақырында өз мақсатына қол жеткізді. Кейбір деректерде оның Прагадағы өмірі КСРО тарапынан кеңестік Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МҚК) қызметкерлерімен қорғалғаны айтылады. Өйткені мемлекет басына келген Х.Амин Чехословакияға астыртын барлаушылар тобын жіберіп, оның көзін жою жұмыстарын да жүргізді [5, с. 61]. 1979 жылдың қыркүйегінде АДР басшысы Н.Таракидің өлтірілуі және оның көзін жойған Х.Аминнің билік басына келуі Б.Кармальдың бағының жануына әкелді. Х.Аминді АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының тыңшысына теңеген Мәскеуден маза қашып, енді оның орнын алмастыратын кандидатура іздестірді. Оған дейін Мәскеумен ымыраласа білген және АХДП-ны құрушылардың бірі ретінде белгілі болған Б.Кармаль кандидатурасы Кремль назарын тез аудартты (Babrak Karmal, 2021). 1979 жылдың қыркүйек және желтоқсан айлары аралығында Мәскеуде Ауғанстан мәселесі тынымсыз

талқылауға түсіп, нәтижесінде 25 желтоқсанда кеңес әскерлері Ауғанстанға кіргізілетіні және ел тізгіні Б.Кармальдың қолына берілетін болып шешілді. Ю.Андроповтың жеке бұйрығымен Чехословакиядағы Б.Кармаль тез арада Мәскеуге алдырылды (Мухаммед Юсуф (Люди и события) (1963: 15).

Осылайша болашақ АДР басшысы Мәскеуге әкелініп, МҚК-нің «Альфа» тобының күзетіне алынды. Қараша айының басында, Мәскеу түбіндегі МҚК-нің жасырын үйлерінің бірінде Ауғанстанның болашақ басшылары жиналды. Бұлардың бәрі тұтқындалудан және аминдік киллерлерден бас сауғалап, әлемнің әр түрлі мемлекетінде жасырынып жүрген парчамшылар еді (Силинкин М.Ф. 2003а: 78). Ю.Андроповтың жеке бұйрығы бойынша «Альфа» тобының күзетіндегі офицерлер, олардың бір тал шашына дейін жауап беретін болды. Яғни өте қатаң күзет талап етілді.

1979 жылы 23 желтоқсан күні түнде Бабрак Кармаль мен оның серіктерін Ташкенттен керосин мен сексеуіл артқан ұшаққа отырғызып, Баграмға әкелді. Бұл жолы Мәскеуде отырып бұйрықтарын бұлжытпай орындатып отырған бас чекист Ю.Андропов, Ауғанстанда санаулы күндерде өтетін операцияның басында жүрген МҚК басшыларына ендігі жолы шатаспауды және негізгі уақыттың таянғанын айтып, ескерту жасады (Снегиров В. 2017).

Кеңестік көсемдер Ауғанстан билігін ауыстырудан неге Б.Кармальдың кандидатурасына тоқталды? Өйткені АХДП көсемі Н.Тараки құпия жағдайда Х.Амин қолымен өлтірілді. Ал Аминнің өзін кеңестік билеушілер көзін жоюға кірісті. Ал келесі кезекте АХДП басшыларынан кім бар дегенде Бабрак Кармаль тұрды. Ол «Парчам» фракциясының жетекшісі және АХДП-ның көрнекті қайраткері, сонымен қатар коммунистік революционер деп саналды. Оның М.Дауд билігі кезінде 4 жыл түрмеде отырғаны да ескерілді. Ол 8 жыл ауғандық парламенттің мүшесі болды. Бұл кезде ол Ауғанстанның көрнекті және құрметті саяси тұлғасы еді. Және шешен ұйымдастырушылығы мен көзі ашық сауаттылығы да ескерілді. Оның үстіне ол Чехословакияда эмиграцияда жүрген кездің өзінде Мәскеумен байланыс орнатып, Кремль назарын өзіне аударуға бар күш жігерін салды. Сондықтан кеңестік көсемдердің таңдауы арасында бірінші тұлға болып тіркелді.

25 желтоқсанда Мәскеу бұйрығы бойынша кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстанға кіруді бастады. Бұл уақытта Баграм

қаласына жайғасқан Б.Кармаль уақыттың және Х.Аминнің көзін жоятын операцияның тез өтуін қалап тыпыршыды. Өйткені санаулы сәткеден кейін мемлекет билігінің өзінің уысына түсетінін тағатсыздана күтті.

Билік басында

1979 жылы 27 желтоқсанда кеңестік жауынгерлердің Тәжі-Бек сарайына шабуыл жасап Х.Аминнің көзін жойғаннан кейін, Ауғанстан халқына Б.Кармальдың үндеуін Кабул радиостанциясы жариялады. Бұл үндеуінде ол: «Біздің мыңдаған отандастарымызды, бауырларымыз бен іні-қарындастарымызды мерт еткен Х.Амин және оның жеңдеттерінің зорлық-зомбылық әрекеттері бұзылды» – деп хабарлады. Шындығына келгенде бұл уақытта Б.Кармаль Кабулда да емес еді. Оның бұл құттықтауы алдын-ала Ташкентте жазылған жазба еді (Сайлан Б. (2018а: 60).

Бұл кезде Б.Кармаль Баграм қаласында орналасқан Кеңес Одағы МҚК-нің 9-десантшылар полкінің қарамағында болды. 27 желтоқсан күні кешке Ю.Андропов байланысқа шығып, Б.Кармальды өзінің және Л.И.Брежневтің атынан оның Ауғанстан Революциялық Кеңесінің төрағасы болып тағайындалуымен құттықтады. Осы уақытта Б.Кармальды Ауғанстан астанасы Кабулға апару бұйрығы да келіп түсті. Әуе жолы арқылы астанаға жеткізу жоспары оның қауіпсіздігі үшін өзгертіліп, броняланған соғыс машиналарының қорғауымен Баграмнан Кабулға қарай жолға шықты. Осы броняланған танкінің бірінде ауған мемлекетінің жаңа басшысы Б.Кармаль, басқаларында В.Шергиннің басқаруындағы КСРО МҚК-нің «Альфа» тобының мықты жауынгерлері болды. Таң ата олар Кабулға келіп жетті. Осы уақыттардың бәрінде оны КСРО МҚК-нің айрықша мақсаттағы тобы күзетті. 1 қаңтар күні ең жоғарғы мемлекеттік орынға сайлануымен Л.И.Брежнев пен А.Н.Косыгин атынан құттықтау хаты келді.

Бұл күні түнде елдегі билік «халықшылдардың» қолынан «парчамшылардың» қолына өткен мемлекеттік төңкеріс қана болып қойған жоқ, ауғандық тарихтың қайғылы беттерін ашатын Ауғанстандағы азамат соғысының бірден белсенді түрде күшейе түсуіне әкеліп соқты. Ертеңіне таңертең Ауғанстанның ақпарат көздері АДР үкіметінің үндеуін жариялады. Онда «АДР Үкіметі Сәуір революциясын қорғау және Ауғанстанның ішкі шиеленістерін жою, территориялық тұтастық пен ұлттық тәуелсіздікті сақтау мақсатымен КСРО-ға саяси,

экономикалық, әскери жедел жәрдем беруін айтып өтініш білдірді. Кеңестер Одағы ауған жағының өтінішін қанағаттандырды» – деп айтылды (Сайлан Б. (2018б: 61).

Билікке келген Б.Кармаль демократиялық институттардың ұйымдарына, еркін сайлауға, конституцияның жасалуына және альтернативті саяси партияларды заңдастыруды аяқтауға уәде етті. Сонымен қатар ол Кеңес Одағымен экономикалық, әскери және саяси көмек туралы келіссөз жүргізгенін ауғандықтарға жеткізді. Көпшілік ауғандардың үкіметке деген сенімсіздігі Кармальдың негізгі проблемасына айналды. Көбі оның 1978 жылы жеке капиталды қорғаймын деген уәдесінің өтірікке айналғанын ұмытпаған еді.

Кармаль амнистия (кешірім) жариялап саяси тұтқындарды босатуға халық алдында уәде берді. Түрмеден 10 мыңнан астам адам босатылды. Бірақ Кармаль тек амнистия жариялап қана қоймай, «ескі есеп айырысуға» көшті. Адамдарды тұтқындау, жазалау, өлім жазасына кесу үшін Революциялық Үштік құрылды. Аминнің қорғаушылары террордың алғашқы құрбандары болды. Аминге адал болған қолбасшылар, оның қызы сәбиімен қоса 12 жылға түрмеге жабылды (Ляховский А., Забродин В. (1991: 69).

1980 жылы ақпанда Б.Кармаль президент сарайының үстіне қара, қызыл, көк жолақты жаңа ұлттық туды көтеріп, 1978 жылы қазанда Тараки мен Амин қызыл түске өзгерткен туды қалпына келтірді. Кармаль билік басына келісімен АХДП-ң қолдау көрсету аясын кеңейте бастады. Тараки мен Амин басшылық құрған кезде төңкерістің таптық жауы деп саналған кейбір топтарды АХДП-ны қолдауға шақырды. Кармаль бірнеше коммунист емес адамдарға негізгі мансаптарды бөліп берді. 1980 жылы наурыз бен мамыр арасында үкіметте қызмет атқарған 191 адамның 78-і АХДП мүшесі болды. Біріктірудің ұлттық саясаты өз жалғасын тауып жатты, 1984 жылдың қаңтарында Тараки мен Амин енгізген жер реформасы айтарлықтай өзгеріске ұшырады, орта тап өкілдерінің қолдауына ие болу үшін жер иеленушілер шеңбері кеңейтілді, сауат ашу бағдарламасы жалғасты, әйел құқықтары кеңейтілді.

Б.Кармаль Ауған армиясының қолбасшылығына да барынша парчамшыларды тарта бастады. Ең алғашқы шаралардың бірі, Кармаль билікке келісімен бостандыққа шыққан подполковник Мухаммед Рафидің 1979 жылы 29 желтоқсан күні Қорғаныс министрі болып сайлануы, сонымен қатар АДР Қарулы күштерінің Бас

саяси басқармасының бастығы болып подполковник Голь Аканың таңдалуы (екеуі де парчам тобының өкілі). Бұның артынша әскер қатарын Х. Амин жақтастарынан тазарту шаралары қолға алынды. Орталық аппараттағы қолбасшылық және штабтық атақтарға бірнеше офицерлер мен генералдар ұсынылып, олардың басым бөлігі парчам қанатының өкілдері болды. Б.Кармаль билікке келген айналасы 1-1,5 жыл ішінде парчамшылар армиядағы барлық 50 лауазымның 29-на ие болды. 1980 жылдың күзіне қарай әскери-партиялық ұйым құрамында 12450 адам болса, оның 4 мыңнан астамы парчамшылар болды. Халықшылдар билікте парчамшылардың көбейіп және өздерінің партияластарының қызметтерінен босап жатқанына, үзілді-кесілді қарсы бола бастады. Бұл жағдай армиядағы бөлінушілік пен бейберекетсіздікті қайта үдетіп, Б.Кармаль үкіметіне қарсы бағытталған ірі наразылыққа әкелді (Силинкин М.Ф. 2003б: 107).

АХДП көшбасшысы Б.Кармаль елде Х.Амин жүйесі кезінде тәркіленіп тартып алынған барлық жылжымалы және жылжымайтын жеке мүліктерді меншік иесіне қайтару жөнінде бұйрық шығарды. Бұл үйлер, дүкендер және т.б. заңды иелеріне қайтып беру туралы еді. Б.Кармаль өзінің демократиялық идеяларының меншік иелерінің қызығушылығына қызмет ететінін көрсетуге тырысты. 1980 жылы Революциялық кеңес қабылдаған елдің уақытша конституциясының 18-бабында жеке меншік инвестициялардың мызғымастығына және оның кеңеюіне мемлекет кепілдік береді деп жазылды. Амин жүйесінің құлауымен Бабракшыл үкімет жеке кәсіпкерлерді экономикалық және шаруашылық істеріне тартуға тырысты. Мемлекет жеке кәсіпкерлерге өнеркәсіп және сауда объектілерін құруға жәрдемдесуге дайындығы туралы хабарлады. АХДП басшылығы мемлекеттік сектордың шешуші рөлін аралас экономика құру деп санап, толығымен солай бағыт алды. АХДП ауғандықтарды қолөнершілер, сатушылар, ұсақ өндірушілер арасында кооперацияның әртүрлі нысандары бойынша бағыттады. Б.Кармальдың демократиялық реформалары кеңестік социализм ұсынған шартты шеңберден шыға алмады. Революциялық үкімет ұлттық буржуазияға осы іс шеңберінде ынтымақтастықты ұсынды.

Кармальдың жаңа үкіметі үшін ең алдымен жер-су реформасын жүзеге асыру өте маңызды болды. 1982 жылдан бастап жер бөлімін иелену, суды пайдалану құқығына байланысты жаңа құжат беріле бастады. Мұрагеріне немесе

туысқанына беру, сату және сатып алу туралы шаруаның жерге деген құқығы ресми түрде қамтамасыз етілді. Ауғандық ауылды қайта құрудың басты элементі ауыл шаруашылығын кооперативтендіру еді. 1982 жылы мәскеулік кеңесшілердің айтуымен Революциялық кеңес кооператив туралы заң қабылдады. Моджахедтер қозғалысы бұл қайта құрулардың жүзеге асуына кедергі жасады, шындап келгенде бұл реформа жер иеленуші шаруалардың басым бөлігіне әсер де еткен жоқ. 1980 жылдардың басында реформаны сегіз провинцияда жүзеге асыруға мүмкіндік болса, бабракшыл үкіметтің территориялық бақылауының қысқаруына байланысты, бұл мүмкіндіктер барынша тарылды. 1980 жылдардың ортасынан бастап орталық өкіметтің бақылауында ел территориясының үштен артық емес бөлігі ғана қарады. «Халықшылдар» Кармальдың атына шешілмеген аграрлық мәселе бойынша босқа сын айтпады.

Кармаль үкіметі ауған халқының діни бостандығын құрметтеу саясатына да оралды. Егер аминдік жүйе құдайға табынушылардың діни құқығын шындап қыспаққа алса, бабракшыл жүйе бұрынғы бұлттанған ахуалды қайта қалпына келтіруге тырысты. Бірақта бұл бюрократиялық құрылымдар құру сияқты кеңестік әдіс бойынша жүзеге асты. Республика басшылығы премьер министр бақылауына қарайтын ислам ісі бойынша департамент құрды. Бабрак Кармаль және республиканың барлық басшылары жұма күндері жаппай мешітке баруды дағдыға айналдырып, ол телеарналар арқылы көрсетіліп отырды. Дін жолындағылардың жағдайына орай жұма демалыс күні болып жарияланды, Кабул тіршілігі мұсылмандық дұғаларды оқитын таңғы азанмен басталды.

Б.Кармаль соғыс жағдайында ауған халқының теңдігі мен бірегей мәдениеті үшін сөз жүзінде кіріскенімен, олардың тең құқықтарын нығайту саласында ештеңе істей алмады. Ұлтшылдық пен этнос аралық толқулар қауіп төндіруге айналды. Кармаль үкіметі ауған халқының тарихында терең орын алатын дәстүрлі тайпалар құрылтайы – «Лойя Жиргаға» да назар аударды. Жаңа революциялық үкімет осы ежелгі дәстүрді қолдап, сол арқылы барлық ұлттар мен тайпаларды қорғауға шақырды. Жиргалар үкімет пен тайпалар арасындағы ынтымақтастық саясатын іске асырудағы кеңес беруші институт болды.

Кеңес одағы соғыс оты сөнбей жатқан ауған халқына тұтыну тауарларын жеткізіп тегін көмектесті. Бұл тауарларға ұн, қант, сұйық

май, сабын және т.б. жатты. Аяқ киім мен киім кешектің әр түрі ауғандықтарға сыйға берілді. Көктемгі егін егу қарсаңында олар КСРО-дан ең сапалы жоғары сортты мақта және бидай тұқымдарын алды. Кеңестік қаржылай және техникалық қолдау арқасында Ауғанстанда 150-ден аса ірі және орта өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық және құрылыс кәсіпорындары салынды. Олардың арасында Мазари-Шариф қаласына жақын орналасқан азот тыңайтқышын өндіретін, Кабулдағы үй комбинаты мен нан комбинатын, механикалық автомашина жөндеу зауыттарын атауға болады. Мәскеу метроқұрылыс құрылысшылары салған, ұзындығы 3 шақырымды құрайтын Саланг жер асты жолы да кеңестік көмектің арқасында жүзеге асқан еді. Алайда бұл экономикалық көмек, кеңес армиясының солдаттары мен ауғандықтардың қатынастарын жақсартуға септігін тигізе алмады.

Ішкі саясатпен қатар сыртқы саясатты да реттеуге тырысқан Б.Кармаль көптеген кедергілерге тап болып, тасы тауға шағылып жатты. Алдымен іргелес жатқан Пәкістан мен Иранға алты рет тікелей екіжақты қатынасты реттеу жөнінде келіссөз жасады. Бұндай келісім 1980 жылдың мамырындағы Ислам конценциясы ұйымында және Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) Жалпы Ассамблеясының 35-сессиясында (1980 жыл, қараша) екі рет жасалынды. Бірақ, АДР-дің барлық бейбіт бастамасы көршілес Иран мен Пәкістан мемлекеттері жағынан қолдау таппады. Кармаль үкіметіне халықаралық аренада қолдау көрсетілмеді. БҰҰ-ның Біріккен Бас Ассамблеясының резолюциясы бойынша кеңес елінің Ауғанстанның ішкі ісіне араласып, мемлекеттік билікті қару арқылы ауыстырғанын және әскер кіргізгенін құптамады. Яғни батыстағы әлемнің алпауыт елдері де Ауған еліне кеңес әскерінің кіруін мақұлдамады.

Бабрак Кармаль шындығына келгенде ел ішінде Х.Аминнің қателіктері мен артықшылықтарын жою үшін Мәскеу жіберген саясаткер еді. Қандай ұрандар мен міндеттер көтерегенімен ол мәскеулік билікке тәуелді кеңестік саясаткер саналды. АХДП-ның сол кездегі негізгі құжаттарында кеңестік әуендерізі сарнап тұрды. Оның кейбір демократиялық сылдыр сөздерінде ескі кеңестік қиялдар мен сарқыншақтар іздері сайрап жатты. Сондықтан да Б.Кармаль ел ішіндегі бүлікті басып, татуластыру міндеттерін орындай алмады және орындауға құлықсыз да еді. «Демократ» Б.Кармаль мен «социалист» Х.Амин саясатының айтарлықтай айырмашылығы болмады, сондықтан да ауған

халқы бабрақшыл революцияның идеяларын өздеріне қабылдамады. Мемлекеттің жаңа басшысының саясаты ә дегеннен-ақ тұйыққа тірелді.

Бабрак Кармаль Кабулға Кеңес одағы әскерлерінің ізінше келді. Парчамшылар көсеміне КОКП басшылары аминдік тәртіптің қалдықтарын жою туралы нақты міндеттер қойды. Партияның жаңа басшысына тек қана қателіктерді жою емес, революцияның элеуметтік базасын кеңейту мен ауған халқының басым бөлігін АХДП жағына тарту міндеттері де қойылған еді. Сондықтан да Б.Кармальға партия ішіндегі қарама-қайшылықтардың үдеуін тоқтатып, революцияның жауларына қарсы күресте халықты біріктіру керек еді. Мәскеу Б.Кармальдың ұрандары мен мүмкіндіктері бұған толық жетеді және елдегі ахуалды өз жағына бұру қолынан келеді деп санады (Soviet briefing on the talks between Breznev and B.Karmal in Moscow 2008).

Бірақта оқиға Мәскеу ойлағандай сценаримен емес, керісінше елді тығырыққа тыққан жолмен жүрді. Енді жағдай анық айқындалды, өйткені КСРО әскерінің Ауғанстанға кіруі соғыстың сипатын түбірімен өзгертті. Ауғандықтар үшін бұл соғыс жалпыұлттық соғысқа айналды. Ауғанстанға кірген кеңестік әскерлерге қарсы бірігіп және қосылып жаппай күресуге мүмкіндік алды. Көптеген көрнекті «халықшылар» және «парчамшылар» АХДП-ны тастап, кеңестіктерге қарсы күреске бірікті. Азаматтық соғыс жаңа деңгейге көтерілді. Моджахедтер тек «шуравилерге» (кеңестіктерді ауған жерінде осылай атады) ғана қарсы жойқын соғыс жүргізіп қойған жоқ, Б.Кармаль бастаған кеңестік жүйені қолдаған өздерінің арасындағы сатқындарға да қарсы күресті. 1979 жылғы сәуір төңкерісінен кейін қақтығыс ел ішілік қана сипат алса, кеңес әскерлері кіргеннен кейін азаматтық соғыс қасиетті соғысқа айналды. Бұл көптеген жағдайларда олармен соғысуға қарсы шыққан ауғандық армияның әлсіздігі еді. Жаппай әскерден жылына 20-35 мың адамның қашуы ауғандық армияның әлсіздігін көрсетті. Ауғандық көптеген командирлер солдаттарының әскерден қашу себебін анықтап, онымен күресте жүргізбеді (Меримский В.А. 2015: 226). Армия оппозициялық күштерге қарсы өз бетінше жауынгерлік операцияларды жүргізуге қабілетсіз болды. Кеңестік әскерлер қиын жағдайда қалды, нақтырақ айтқанда қақпанға түсті. 1980 жылдардың ортасына қарай кеңес әскерінің саны Ауғанстанда 108 800-

ге дейін ұлғайып, бүкіл елде ұрыс күшейді, бірақ соғыстың КСРО-ға әкелген әскери және дипломатиялық шығындары шаш етекпен болды. Әскерді кіргізген кеңестік басшылардың солақай саясатындағы қателік, Б.Кармалы тұсында соғыс отын одан әрі лаулатты (Советское вторжение в Афганистан, 2014).

Биліктен кетуі

Тоқтайтын түрі жоқ Ауғанстандағы соғыс, әлсіз ауған экономикасының тығырыққа тіреп қана қойған жоқ, Кеңес одағының ішкі ахуалына да айтарлықтай салмақ салды. Ішкі жанжалдың тоқтамау салдарынан миллиодалан ауғандықтардың шетел асып, Ауғанстан ыдырау мен күйреу алдында тұрды. Ауғанстанда азамат соғысы басталғаннан кейін, халқының төрттен бір бөлігі Пәкістан мен Иранға қашып, үкіметке қарсы топтар ұйымдастырды. Қалғандары Ауғанстанда қалып, күресуші топтар құрды, әр түрлі топтар АҚШ, Қытай, Сауд Арабиясы, Египет елдерінен қару сатып алып, қаржылай көмек алды.

Кеңес әскері дәл осы Бабрак Кармалы тұсында экономикалық жағынан да, адам ресурстары жағынан да аса зор шығынға ұшырады. Кеңес әскерлерінің 80 пайызы оның ішінде қазақстандықтар осы Кармалы үкіметі тұсында ажал құшты. 1984 жылы бір жыл ішінде кеңес әскерінен 2060 адам қаза тауып, 7143 адам соғыс жарақатын алды. Соғыста тұтқынға түскендер мен із-түзсіз жоғалған кеңестік әскер санының да артуы оның билігі тұсында көп болды. Елдегі жағдайды тұрақтандыруға оның шамасы жетпеді. КСРО көмегі арқасындағы экономикалық даму аяқталмаған соғыс салдарынан тоқтап қалды. 1985 жылы КСРО басшылығына келген М.Горбачев Ауғанстаннан кеңес әскерлерін әкетудің мерзімі келгенін, ауғандық авантюрадан шығатын кездің келгенін кесіп айтты. Бұл міндеттерді шешу үшін елдегі саяси ахуалды өзгерту ісіне жаңа саясат, жаңа саяси қайраткер қажет болды. Енді Мәскеуде Бабрак Кармалыға салқын қабақпен қарым-қатынас жасау толық байқалды. Ол өзіне жүктелген міндеттерді шеше алмады (Тупики демократической революции Б. Кармалы, 2009).

1986 жылы сәуірде Кармалы Кеңес Одағында демалып, ем қабылдады. Осы кезде онымен әңгіме жүргізіліп, отставкаға кетуін сұрады. Мәскеуде Кармалы кеңестік басшылықтың талабын орындайды деп ойлады. Бірақ ол биліктен

кетпейтінін кесіп айтты. Оған жаңа саяси ахуалды түсіндіру мүмкін болмады. Тосатқан болған ұсыныстардан басы қатқан Кармалы Кабулға жүріп кетті. Оның артынша КСРО МҚК төрағасының бірінші орынбасары В.Крючковты Кабулға аттандырған Мәскеу, Кармалыды билікті өткізуге көндіруді тапсырды (Млечин Л. 2011: 65). Ол 1986 жылы қарашада отставкаға кетті. Ауғанстандағы Бас хатшылыққа Мұхаммед Наджибулла тағайындалды. Бабрак Кармалы Кеңес Одағына жеткізіліп, ол одақтық деңгейде төленетін зейнеткер ақысымен қамтамасыз етілді. КСРО астанасы Мәскеуде тұрды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, КСРО әскерінің көмегімен Ауғанстанның бірінші тағын тартып алған Б.Кармалы өз халқының және Мәскеудің көңілінен шыға алмады. Керісінше оның кезінде адам құрбандығы көбейіп, ауғандық оппозиция мен кеңестік әскерлердің қақтығысы үдей түсті. Азамат соғысы тоқтамай, елдің ішкі және сыртқы саясаты да тығырыққа тірелді. Кармалы өзінің серіктестерінің де, халықтың да, кеңесшілердің де сеніміне ие болмады. Революциялық тәсіл арқылы өзін қорғаудың шебері еді. Бұл талант оның айналасындағылар үшін көшбасшы болуға көмектесті. Ол жоғары дәрежелі саяси көшбасшы және билікті фракционер болды. Ол жіберген қателіктері үшін әр жолы енді бұлай болмайды деп айналасындағыларды сендірді. Халықпен жұмыс істемеді және қалай жұмыс істеуді білмеді немесе оны қажет деп санамады. Шын мәнінде, ол халық үшін күрескен жоқ. Мемлекеттік және партиялық аппараттарда ол өзі туралы білуге мүмкіндік беретін бюрократиялық жүйені құрды. Өкінішке орай, көптеген адамдар Кармалыға тым көп үміттеніп, оның дегенімен жүрді. Осылайша 1986 жылдың соңғы айлары ол үшін ауыр айларға айналып, биліктен толық кетуге мәжбүр болды. Бабрак Кармалыды Ауғанстан билігінің басына отырғызған Мәскеу, сол билік басынан өздері шеттетті. Ол асқынған ауруына байланысты 1996 жылы желтоқсанда 67 жасында Мәскеудің Орталық ауруханасында қайтыс болып, Ауғанстанның Хайратон провинциясында жерленді. Оның 1979-1986 жылдары Ауғанстанда жүргізген билігі осылайша аяқталды (By Frud Bezhan, Petr Kubalek, 2019).

Әдебиеттер

- Babrak Karmal president of Afghanistan // britannica.com. Қаралған күні: 21.07.2007.
Babrak Karmal // khaama.com. Қаралған күні: 22.02.2010.
Babrak Karmal From Exile To President // warhistoryonline.com. Қаралған күні: 27.05.2021.
Война в Афганистане (1991). – Москва: Воениздат. – 367 с.
By Frud Bezhan, Petr Kubalek. The Afghan President (To Be) Who Lived A Secret Life In A Czechoslovak Forest // rferl.org. Қаралған күні: 03.11.2019.
Коргун В.Г. (2004). История Афганистана XX век. – Москва. – 529 с.
Ляховский А.,Забродин В. (1991). Тайны Афганской войны. – Москва:Планета. – 270 с.
Меримский В.А. (2015). Загадки афганской войны. Москва: Вече. – 320 стр.
Млечин Л. История внешней разведки. Карьеры и судьбы. – 2011. – 528 с.
Мухаммед Юсуф (Люди и события) (1963) // Новое время. – Москва. – №13. – С. 15.
Сайлан Б.С. (2001). Ауған соғысының ақиқаты. – Алматы: Қазақпарат. – 250 б.
Сайлан Б. (2018). Біз болған соғыс. – Алматы: Қазақ университеті. – 508 б.
Силинкин М.Ф. (2003). Афганистан: страницы истории (80-90-е гг. XX в.). – Симферополь. – 301 с.
Снегиров В. (2017). Охота на посла // Российская газета. – 1 март.
Советское вторжение в Афганистан (2014). // lumenlearning.com. Қаралған күні: 25.12.2014.
Soviet briefing on the talks between Breznev and B.Karmal in Moscow // digitalarchive.wilsoncenter.org. Қаралған күні: 17.11.2008.
Stephen Tanner (2004). Afghanistan: A History of Wars from Alexander the Great to the Fall of the Taliban. p. 448.
Тупики демократической революции Б. Кармал. Қаралған күні: 11.11.2009.

References

- Babrak Karmal president of Afghanistan // britannica.com. 21.07.2007.
Babrak Karmal // khaama.com. 22.02.2010.
Babrak Karmal From Exile To President // warhistoryonline.com. 27.05.2021.
Voyna v Afghanistan [War in Afghanistan] (1991). – Moscow: Voensizdat. – p. 367
By Frud Bezhan, Petr Kubalek. The Afghan President (To Be) Who Lived A Secret Life In A Czechoslovak Forest // rferl.org. 03.11.2019.
KorgunV.G. (2004). Istoria Afghanistana XX cent. [History of Afghanistan XX cent] – Moscow. – p. 529
LyahovskiiA.,ZabrodinV. (1991). Tainy Afghanskoi voiny [Secrets of Afghan war]. – Moscow:Planet. – p. 270
MerimskiiV.A. (2015). Zagadki Afghanskoi Voiny [Secrets of Afghan war]. Moscow: Veche. – p. 320
Mlechin L. Istoria vneshnei razvedki. Kariery I sudby [History of foreign intelligence.Career and fates]. – 2011. – p. 528
Muhammed Yusuf (People and events) (1963) // New Time. – Moscow. – №13. – p. 15
Sailan B.S. (2001). Aughan sogysynyn aqiqaty [Truth of Aughan war]. – Almaty: Qazaqparat. – p. 250
Sailan B.S. (2018). Biz bolgan sogys [War we were]. – Almaty: Qazaq university. – p. 508
Silinkin M.F. (2003). Afghanistan: stranitsyistorii (80-90-yy. XX cent.) [Afghanistan: pages of history]. – Simferopol. – p. 301
Snegirov V. (2017). Ohota na posla [The Hunt for the ambassador] // Russian newspaper. – 1 march.
Sovetskoe vtorzhenie v Afghanistan [Soviet invasion of Afghanistan] (2014). // lumenlearning.com. 25.12.2014.
Soviet briefing on the talks between Breznev and B.Karmal in Moscow // digitalarchive.wilsoncenter.org. 17.11.2008.
Stephen Tanner (2004). Afghanistan: A History of Wars from Alexander the Great to the Fall of the Taliban. p. 448.
Tupiki demokraticeskoi revolutsii B. Karmal [Dead Ends of the Democratic Revolution of B. Karmal]. 11.11.2009.